

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 206-209.

ӘОЖ 930

ФОТОСУРЕТ- ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ

*Ануарбекова И., Бошаева А., 1-курс студенттері
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Грек тілінен аударғанда " фотография "сөзі" жарық жазу " дегенді білдіреді (Фото – Жарық, графо – жазу). Қазіргі әлемде бұл термин "фотоматериалдар немесе жартылай өткізгіш түрлендіргіш арқылы оптикалық сәулеленуді тіркеу арқылы кескінді жазу технологиясын" білдіреді . Фотосурет - бұл жарыққа сезімтал бетке түскен жарықтың әсерінен жасалған кескін, әдетте фотопенка немесе электронды кескін сенсоры. Қазіргі уақытта фотосуреттердің көпшілігі смартфонмен/камерамен түсіріледі, ол объектив көмегімен сахна жарығының көрінетін толқын ұзындығын адам көзі көретін нәрсені ойнатуға бағыттайды. Мұндай бейнелерді жасау процесі мен тәжірибесі фотосурет деп аталады.

Фотографиялық суреттер-бұл өз дәуірінің құжаттары, олар, әдетте, замандастары камераның шындықты дәл түсіру қабілетіне негізделген сенімді ақпаратты тасымалдаушы ретінде қабылдайды. Фотоқұжаттар – бір жағынан оқиғаның статистикалық көрінісі болып табылатын бейнелеу көздері, ал екінші жағынан тіркелген оқиғалардың авторлық көзқарасы.

Объектілердің мазмұны мен сипаты бойынша фотоқұжаттар мынадай түрлерге бөлінеді:

а) оқиғалардың, әрекеттердің, өмір фактілерінің жекелеген сәттерін бейнелейтін оқиғалар;

б) жекелеген заттардың, жер бедерінің, табиғат құбылыстарының түрлік, фиксациялық бейнелері;

в) портреттер (бір немесе бірнеше тұлғаның суреттері) [1].

Фотосуреттің тарихи дереккөз ретіндегі құндылығы оның максималды сенімділігімен түсіндіріледі, өйткені фотосурет - бұл шындықтың дәл қайталануы, яғни өткен уақытта болған және бейтарап камерамен жазылған белгілі бір уақыт. Фотосуреттің бірегейлігі - ол кескіндермен мүлдем жаңа әдіспен жұмыс істеуге мүмкіндік береді

XIX ғасырдың басында пайда болған кезден бастап фотосурет, сөзсіз, оқиғаны түсірудің негізгі формаларының бірі болып табылады. Қазіргі уақытта кез келген тарихи оқиға немесе тақырып бойынша фотоматериалдарды табуға, XIX ғасырдың ортасынан бастап фотосурет

технологиясы кең таралған кезде және фотосуреттердің ерекшеліктері болды. Фотосуреттің тарихи дереккөз ретіндегі құндылығы оның максималды сенімділігіне байланысты, өйткені фотосурет шындықтың дәл репродукциясы болып табылады, яғни. өткен уақыттың белгілі бір сәті және эмоциясыз камерамен бекітілген. А. Варгановтың айтуынша, құжаттарды "қайта жасайтын" өнерден айырмашылығы, фотосурет оларды "жасайды": "камераның әлемге тигізген әрбір жанасуы-құжат жасау"[2].

Фотосурет құжат және тарихи дерек көзі ретінде ХХ ғасырдың 1930 жылдарында ғана қарастырыла бастады. Кино мен фотоматериалдарды толық тарихи дерек көзі ретінде зерттеудің басталуына медиатанушылар мен дереккөздер айтарлықтай үлес қосты. Суреттер өтірік айтпайды деген сөз бар. Бірақ, барлық негізгі көздер сияқты, фотосуреттер де ақпараттың негізгі көзі ретінде пайдаланылса, мұқият зерттелуі керек.

Қазақстанда фотоөнері ХІХ ғасырдың 2-ші жартысынан дами бастады. Бірақ бұған дейін ішінара фотоға алғаш түсушілер қатарынан Жәңгір хан мен оның зайыбы Фатиманың (1840), Ш.Уәлихановтың (1847), Құнанбай мен оның кіші әйелінің (1853) есімдері белгілі. Бұл фотолар кезінде әртүрлі тарихи басылым беттерінде жарияланғаны белгілі. Фотоөнері Қазақстанға арнайы сапармен келген Ресей және шет ел фотографтарының күшімен жергілікті тұрғындардың өмірі мен тұрмысын бейнеледі, жеке адамдар мен отбасылық портреттер түрінде өріс алды. Сол кезеңде Орынбор, Омбы, Семей сияқты қалаларда жекеменшік фотосалондар мен фотопавильондар жұмыс істеді.

Негізгі фотоқұжаттар қоры Орталық мемлекеттік кинофотоқұжаттар және дыбыс жазбасы мұрағатында сақтаулы. Осы мұрағат қорындағы фотоқұжаттардың басым бөлігін тұрмыстық және көріністік суреттер құрайды. Олардың сол заманның құжаттық куәгерлері ретіндегі маңызы күннен күнге артып келеді. Мұрағат қорларында сақтаулы осындай фотодеректердің саны – 250 000. Олардың арасында айналымда жүрген және әлі белгілі бола қоймаған фотосуреттер бар.

Сонымен қатар, фотоқорлар мұражайларда да баршылық. Мәселен, Орталық мемлекеттік мұражайда 80 000 сурет экспонаттары бар екендігі көрсетіледі. Өнер зерттеушілері Қазақстандағы фотосурет тарихын нақты бір жылмен байланыстыра қарастырады. Олар 1854 жылы белгісіз автор түсірген Семейде айдауда жүрген жазушы Ф. Достоевский мен қазақ ғалым-этнографы Ш. Уәлихановтардың портреті Қазақстан тарихына қатысты ең алғаш түсірілген фотосурет деседі. Реті келгенде фотосурет тарихына тоқтала кетсек, шамамен Х ғ. араб ғалымы Альхазен алғаш жасаған обскура камерасы тек ХVІ ғасырда ғана Европада пайдаланыла бастаған. 1822 жылы француз Жозеф Ньепс алғаш рет суреттік бейне түсірген. Бұл сурет біздің күндерге дейін сақталмағандықтан, тарихтағы тұңғыш фотосурет 1826 жылы түсірілген «терезеден көрген көрініс» деп есептеледі. Ал «фотография» терминін 1839 жылы ағылшын астрономы Джон Гершель және неміс астрономы Иоганн фон Медлер айналымға енгізген [3].

Қазақ даласына ХІХ ғасырдың екінші жартысында келген шетел саяхатшылары мен зерттеушілерінің қазақ даласы мен халқының тұрмысы

туралы түсірген суреттері кездесе бастайды. Олардың бірқатары жинақтар ретінде белгілі. Сондай ірі жинақтың бірі 1200-ге жуық суреттер енген «Түркістан альбомы». Бұл альбомды 1871-1872 жылдары Түркістан генерал-губернаторының тапсырмасымен шығыстанушы А.Л. Кун жинақтағаны тарихтан анық. Аталмыш көптомдық жинақта Түркістан өлкесі халқының тұрмысы мен мәдениеті көрініс тапқан. Бұл суреттерді фотографтар тобы түсірген. Өкінішке орай, олар туралы нақты мәліметтер жоқтың қасы. (Жинаққа енген фотоматериалдардың ішінен іріктелген Қазақстан тарихына қатысты суреттерден 2005 жылы альбом шықты) [3].

Қазақстан тарихы туралы фотоқұжаттардың келесі бір жинағы 1874 жылы жарық көрген – «Батыс Сібірдің көріністері мен түрлері». Бұл альбомның авторы өлке губернаторының әйелі Л.К. Полторацкая деп есептеледі. Қазақ даласын зерттеуге келген экспедициялар материалдары арасында да осындай этнографиялық фотодеректер бар. Бұл альбомдардың барлығы – қазақ даласы мен оның халқының жалпы тұрмыс-тіршілігі және сол кездегі күнделікті өмірінің құнды деректері.

Қазақ даласы туралы бағалы этнографиялық суреттер жасауға үлес қосқан жеке авторлардың бірқатары белгілі. Олардың арасында елімізде айдауда болған поляк Константин де Лазари коллекциясын (коллекция 2000 жылы Лодзи көрмесінде көрсетілді), Жетісу өлкесіндегі патша әкімшілігінің шенеуніктерінің бірі болған Н.Н. Пантусов коллекциясындағы 200-ден астам фотоматериалдарды (ҚР Орталық мемлекеттік мұражайының қорында сақтаулы) атап өтуге болады [3].

Біздің ойымызша фотосуреттермен қатар, суреттер де тарихи зерттеулерге көмектеседі. Мысалы, 1967-ші жылы дүниеге келген «Ақсай карьері» туындысында бей-берекет жүргізілген кен өндіру жұмыстары, сондай-ақ суретші қаламынан 1954 жылы шыққан «Тыңдағы алғашқы борозда» шығармаларындағы жер құйқасын аяусыз тілгілеген темір тістердің болмысы сұсты әрі суық көрінеді. Белгілі қазақ суретшісі Әбілхан Қастеевтің 1954 жылы салған "Тыңдағы алғашқы борозда" картинасы. Ал, 1969 жылы салынған «Түрксіб», 1972 жылғы «Қапшағай ГЭС-і » полотноларындағы табиғаттың суреттелуінен қоршаған ортаның сұрғылт тартып, ернеуінен кетіліп, өңі қаша бастағаны аңғарылады Бәлкім, суретші ондай астарлы «хикаяларды» баяндауды мақсат тұтпаған да болар өзіне. Алайда, өмір шындығын мейлінше дәл жеткізуге тырысқан қылқалам шебері советтік «жоспарлау» экономикасының қазақ жеріне әкелген қасіреттерін, шабытты шығармашылық ізденіс үстінде, өзі де аңғармастан, кейінгі ұрпаққа осылайша шынайы түрде әңгімелеп берген екен.

Қазіргі таңда қазақ тарихына қатысты ғаламторда көптеген ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырға қатысты фотосуреттер көптен кездеседі. Біз зерттеу барысында олардың ішінде шашамен 30 шақты суреттерді салыстырып қарастырдық. Әсіресе, ХІХ ғасырға қатысты қазақтардың тұрмысын бейнелейтін суреттерді Е.Б. Бекмахановтың «Қазақстан ХІХ ғ. 20-40 жылдарында» еңбегінде келтірілген деректермен сараптадық. Деректер мен фотосуреттердегі ақпарат сол кезеңде дәл

сипаттады деп айтсақ болады. Сондықтанда фотосуреттер тарихи дерек көзі ретінде үлкен маңызға ие.

Қазіргі қоғамдағы бейнелеу ақпаратының рөлі үнемі өседі. Біз күнделікті өмірімізде бейнелеу ағынын көріп отырмыз және бұл сурет тұлғааралық қарым-қатынастың негізгі құралына айналады. Интернеттің арқасында кескіндердің таралуы кеңейе береді және бұқаралық ақпарат құралдары мен жаңа технологиялар қарқынды дамып келеді. Бұл "сандық революция". Қазіргі уақытта біз ауызша сөзден алшақтап визуалды сөзге жүгінеміз. Сурет біздің мәдениетімізде маңызды рөл атқарады[4]. Бұл пікірмен бізде келісеміз. Себебі, XIX ғасырдан бері фотосуреттер өзінің маңыздылығын жойған жоқ. Қазіргі сандық технологиялар заманында тек тарих ғылымы емес басқа ғылым салаларында фотосуреттердің атқаратын рөлі үлкен.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Андрианова Е.Н. Коллекция фотографий документального фонда Государственного Центрального музея современной истории России как источник по истории повседневности [Текст]: авто.реферат. 2014 .
- 2 Юмашева Ю. Ю. — Интернеттегі Фото мұрағаттар: презентация және зерттеу мәселелері [Текст]/ тарихи информатика, – 2019. – № 1. - Б. 8 - 46.
DOI: 10.7256/2585-7797.2019.1.29087 URL: https://nbpublish.com/library_read_article.php?id=29087
- 3 XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ өмірі туралы фотодеректер. Шолпан Нұрман, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты <https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/8747>
- 4 Małgorzata Markiewicz. Photography vs. visualisation. Technical images in archaeological research. Photography vs. visualisation. Technical images in archaeological research [Text] / Digital Applications in Archaeology and Cultural Heritage, -2022. -Volume 24. -P. 50-118. Wrocław, Poland. <https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S2212054822000029?token>